

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт, барлауға арналған лицензия немесе қатты пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензия негізінде туындаған жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) ауыстыруға, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді ауыстыруға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 516 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 17 шілдеде № 33094 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Кіріспе жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 19.03.2026 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 45-бабына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт, барлауға арналған лицензия немесе қатты пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензия негізінде туындаған жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) ауыстыруға, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді ауыстыруға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің ҚПҚ бойынша жер қойнауын пайдалану департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасының
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2023 жылғы 14 шілдедегі
№ 516 Бұйрықпен
бекітілген

"Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт, барлауға арналған лицензия немесе қатты пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензия негізінде туындаған жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) ауыстыруға, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді ауыстыруға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 19.03.2026 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы "Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт, барлауға арналған лицензия немесе қатты пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензия негізінде туындаған жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) ауыстыруға, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді ауыстыруға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 45-бабына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1)

тармақшасына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін анықтайды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 19.03.2026 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптама комиссиясы (бұдан әрі – сараптама комиссиясы) – жер қойнауын пайдалану құқығын және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді ауыстыруға рұқсат беруге арналған өтініштерді қарау кезінде, сондай-ақ осы Кодексте көзделген өзге де жағдайларда ұсынымдар әзірлеу мақсатында көрсетілетін қызметті беруші жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Сараптама комиссиясының құрамын және ол туралы ережені көрсетілетін қызметті беруші бекітеді;

2) "Minerals.gov.kz" жер қойнауын пайдаланушылардың бірыңғай платформасы (бұдан әрі – "Minerals.gov.kz" ЖҚПБП) – мемлекеттің экономикалық өсуі мен қоғамның әл-ауқаты үшін Қазақстан Республикасының минералдық-шикізат базасының орнықты дамуын қамтамасыз етуді жақсартуға мүмкіндік беретін цифрлық платформа;

3) көрсетілетін қызметті алушы – Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарын, шет елдердегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар;

4) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары, шет елдердегі мекемелері, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсететін жеке және заңды тұлғалар;

5) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша немесе өтінішінсіз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі;

6) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – ЭЦҚ құралдарымен құрылған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 19.03.2026 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 19.03.2026 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне немесе "Minerals.gov.kz" ЖҚПБП арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға құжаттарды қоса бере отырып, "Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт, барлауға арналған лицензия немесе қатты пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензия негізінде туындаған жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) ауыстыруға, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді ауыстыруға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – жер қойнауын пайдалану құқығына осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт, пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия немесе өндіруге арналған лицензия негізінде туындаған жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) ауыстыруға, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді ауыстыруға рұқсат беру туралы өтінішті береді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін, мемлекеттік қызмет көрсету нысанын, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесін; мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін; мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде баяндалған.

5. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 45-бабының 5-тармағына сәйкес Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген өтінішке қоса берілетін барлық құжаттар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалуға тиіс. Егер өтінішті шетелдік немесе шетелдік заңды тұлға берген жағдайда, мұндай құжаттар әр құжатқа міндетті түрде қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасының қоса бере отырып, өзге тілде жасалуы мүмкін, оның дұрыстығын нотариус куәландырады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6-тармақ алып тастау көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 19.03.2026 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Өтініш көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы келіп түскен күні көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушының өтінішін қабылдайды және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына қайта жіберуді жүзеге асырады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

7-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 19.03.2026 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Өтініштің нөмірін беру және көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жіберілетін өтінішті қабылдау туралы хабарлама "Minerals.gov.kz" ЖҚПБП арқылы құжаттар топтамасының қабылданғанын растау болып табылады.

Өтінішті қабылдаған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы құжаттар топтамасының қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 19.03.2026 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы өтініш тіркелген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы осы тармақтың бірінші

бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде оларды жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптама комиссиясының (бұдан әрі – сараптама комиссиясы) қарауына шығарады.

Сараптама комиссиясы жер қойнауын пайдалану құқығын және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді ауыстыруға рұқсат беруге арналған өтініштерді қарау кезінде ұсынымдар әзірлеу мақсатында көрсетілетін қызметті берушілер жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

9. Егер жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуына рұқсат беруге арналған өтініш пайдалы қатты қазбалардың ірі кен орнын қамтитын және (немесе) стратегиялық жер қойнауы учаскесі болып табылатын жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану құқығына қатысты берілсе не егер тиісті жер қойнауы учаскесінде жер қойнауын пайдалану құқығының және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің болжалды ауысуы ұлттық қауіпсіздік мүдделерін қозғайтын болса, көрсетілетін қызметті беруші осындай өтінішті және оған қоса берілетін құжаттарды алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны ұлттық қауіпсіздік органдарына жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуын ұлттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарау үшін жібереді.

Егер жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы ұлттық қауіпсіздік мүдделерін қозғайтын болса, ұлттық қауіпсіздік органдары бұл туралы көрсетілетін қызметті берушіды өтінішті алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде хабардар етеді. Бұл жағдайда көрсетілетін қызметті беруші ұлттық қауіпсіздік органдарынан жер қойнауын пайдалану құқығы (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілер ауысуының ұлттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы растауды алғанға дейін өтінішті қарауды тоқтата тұрады. Көрсетілетін қызметті беруші ұлттық қауіпсіздік органдарынан хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініш иесіне осындай тоқтата тұру туралы хабарлайды.

Көрсетілетін қызметті беруші ұлттық қауіпсіздік органдарынан растауды алғаннан кейін өтінішті қарауды қайта бастайды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

10-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің

19.03.2026 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптама комиссиясы өтінішті және оған қоса берілетін құжаттарды он бес жұмыс күнінен аспайтын, ал ірі кен орындары бойынша – қырық бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

Кодекстің 45-бабының 6-тармағына сәйкес өтінішті жан-жақты және толық қарау мақсатында көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыдан ұсынымдар әзірлеу үшін қажетті қосымша мәліметтерді және (немесе) құжаттарды сұратуға құқылы. Қосымша мәліметтер және (немесе) құжаттар сұратылған жағдайда тиісті өтінішті қарау мерзімдері осындай мәліметтер және (немесе) құжаттар ұсынылғанға дейінгі кезеңге тоқтатыла тұрады.

11. Өтінішті көрсетілетін қызметті алушы оны бергеннен кейін кез келген уақытта және көрсетілетін қызметті беруші Кодекстің 45-бабының 8-тармағына сәйкес мәні бойынша шешім шығарғанға дейін кері қайтарып алуы мүмкін.

12. Көрсетілетін қызметті беруші жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптама комиссиясының ұсынымдарын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт, барлауға арналған лицензия немесе қатты пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензия негізінде туындаған жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) ауыстыруға, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді ауыстыруға рұқсат беру туралы шешім шығарады немесе Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды жібереді.

13. Жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) ауыстыруға арналған рұқсат беру жер қойнауын пайдалану құқығындағы және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердегі берілетін үлестің шекті мөлшеріне, сондай-ақ сатып алушы тұлғаға нұсқауды қамтиды.

14. Жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді ауыстыруға рұқсат беру бір жыл мерзімге беріледі. Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы жүзеге асырылмаған жағдайда, өтініш беруші көрсетілген мерзімде жаңа рұқсат беру үшін құзыретті органға жүгінеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

15-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 19.03.2026 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позиция білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні және орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші оң нәтиже немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды ресімдейді.

16. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт, барлауға арналған лицензия немесе қатты пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензия негізінде туындаған жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) ауыстыруға, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді ауыстыруға рұқсат беру не дәлелді бас тарту болып табылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

17-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 19.03.2026 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының " Minerals.gov.kz" ЖҚПБП жеке кабинетіне не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүгінген жағдайда қолма-қол жіберіледі.

18. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағының 4) тармақшасына сәйкес бас тарту мұндай бас тартуға негіз болған себептер көрсетілмей шығарылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

19-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 19.03.2026 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

20-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 19.03.2026 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Қатты пайдалы қазбалар саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні бекіткен немесе өзгерткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Жерді қашықтықтан зондтау ғарыш жүйесінің Ұлттық операторына жібереді.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

21. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының, жер қойнауын пайдалану саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) атына мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, шағымды қарайтын орган жүргізеді.

Шағымдар көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам шағым түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, шешім, әрекет (әрекетсіздік) шағымданады, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не әкімшілік іс-әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымды қарайтын органның атына келіп түскен шағымы ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

22. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 19.03.2026 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт, барлауға

арналған лицензия немесе қатты пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензия негізінде туындаған жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) ауыстыруға, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді ауыстыруға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына I-қосымша

Нысан

_____ (көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт, барлауға арналған лицензия немесе қатты пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензия негізінде туындаған жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) ауыстыруға, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді ауыстыруға рұқсат беру туралы өтініш

_____ рұқсат беруіңізді сұраймын.

1. Жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді сатып алу ниеті бар тұлға (ұйым) туралы мәлімет: _____; жеке тұлғалар үшін (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) сатып алушының тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер); _____;

_____ заңды тұлғалар үшін (сатып алушының атауы, оның орналасқан жері, оның мемлекеттік тиесілігін көрсету, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер, басшылар мен олардың өкілеттіктері туралы мәліметтер, өтініш беруші қабылдайтын шешімдерді тікелей немесе жанама айқындауға мүмкіндігі бар тұлғалар, ұйымдар мен мемлекеттер туралы мәліметтер);

2. Сатып алынатын жер қойнауын пайдалану құқығына (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлеске) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерге нұсқау: _____;

3. Жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысу негіздемесі: _____;

4. Барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) сатып алу ниеті бар адамның осындай жер қойнауын пайдалану құқығын беру кезінде қойылатын кодекс талаптарына сәйкестігін растайтын қаржылық және техникалық мүмкіндіктері туралы мәліметтер (жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді ауыстыру кезінде талап етілмейді): _____;

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 66-бабының 4-тармағына сәйкес дәйексіз мәліметтер бергені үшін жауапкершілік туралы хабардар болды. Өтініште көрсетілген мәліметтердің және өтінішке қоса берілетін құжаттардың дұрыстығын растаймын.

Өтініш беруші (өтініш берушінің атынан өтінішке қол қойған тұлға): _____
_____ (өтініш берушінің атынан өтінішке қол қойған тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), оның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер). Ескертпе: өтініш және оған қоса берілетін құжаттар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады. Өтінішке қоса берілетін барлық құжаттар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалуы тиіс. Шетелдік немесе шетелдік заңды тұлға өтініш берген кезде мұндай құжаттар "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 45-бабының 5-тармағына сәйкес нотариус куәландырған мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аударманың электрондық көшірмесін әрбір құжатқа міндетті түрде қоса бере отырып, өзге тілде де жасалуы мүмкін.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 19.03.2026 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт, барлауға арналған лицензия немесе қатты пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензия негізінде туындаған жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) ауыстыруға, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді ауыстыруға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
2-қосымша

"Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт, барлауға арналған лицензия немесе қатты пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензия негізінде туындаған жер қойнауын

пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) ауыстыруға, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді ауыстыруға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі.
2.	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі, "Minerals.gov.kz" жер қойнауын пайданушылардың бірыңғай платформасы (бұдан әрі – "Minerals.gov.kz" ЖҚПБП).
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Бір ай ішінде, ал ұлттық қауіпсіздік органдарының мүдделерін қозғайтын ірі кен орындары мен жер қойнауы учаскелері бойынша – өтініш пен оған қоса берілетін құжаттарды алған күннен бастап үш ай ішінде.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) / қағаз.
5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт, барлауға арналған лицензия немесе қатты пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензия негізінде туындаған жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) ауыстыруға, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді ауыстыруға рұқсат беру не дәлелді бас тарту.
6.	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушыға тегін көрсетіледі.
		1) "Minerals.gov.kz" ЖПБП – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, мереке және демалыс күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету

7.	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі</p>	<p>нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);</p> <p>2) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Республикадағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін".</p>
8.	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар мен мәліметтер тізбесі</p>	<p>Рұқсат беру туралы өтініште:</p> <p>1) жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) не жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді сатып алу ниеті бар тұлға (ұйым) туралы мәліметтерді: жеке тұлғалар үшін – сатып алушының тегін, атын және әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), тұрғылықты жерін, азаматтығын, жеке басын куәландыратын құжаттары туралы мәліметтерді;</p> <p>заңды тұлғалар үшін – сатып алушының атауын, оның орналасқан жерін, оның мемлекеттік тиесілігін көрсетуді, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді, басшылары және олардың өкілеттіктері туралы мәліметтерді, өтініш иесі қабылдайтын шешімдерді тікелей немесе жанама түрде айқындауға мүмкіндігі бар тұлғалар, ұйымдар және мемлекеттер туралы мәліметтерді;</p> <p>2) алынатын жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) не жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектіге нұсқауды;</p> <p>3) жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің),</p>

жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектінің ауысу негізін;

4) көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру, уран өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) алу ниеті бар тұлғаның жер қойнауын пайдаланудың осындай құқығын беру кезінде қойылатын осы Кодекс талаптарына сәйкестігін растайтын оның қаржылық және техникалық мүмкіндіктері туралы мәліметтерді;

5) өтініш иесінің өтініште және оған қоса берілетін құжаттарда өзі туралы көрсетілген барлық мәліметтердің анық екендігі туралы жазбаша растауын;

6) өтініш иесінің атынан өтінішке қол қойған тұлғаның тегін, атын және әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке басын куәландыратын құжаты туралы мәліметтерді қамтуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздердің бірі болған кезде лицензия беруден бас тартады:

1) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы

2) егер жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптардың сақталмауына, оның ішінде жер қойнауын пайдалану құқықтарының шоғырлануына алып келсе;

9.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі бар қосымшаны

- 3) егер жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде құқықтардың шоғырлануына алып келсе;
- 4) егер рұқсат беру туралы өтініш осы Кодекс талаптарына сәйкес келмесе;
- 5) егер жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуына осы Кодексте тыйым салынған болса;
- 6) егер жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуы қолданылған әкімшілік жазаға сәйкес жер қойнауын пайдаланушыға жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды немесе жекелеген жұмыс түрлерін жүргізуге тыйым салынған жер қойнауы учаскесі бойынша жүзеге асырылатын болса;
- 7) мемлекет басым құқығын іске асыратын болса;
- 8) егер жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) және (немесе) жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуы Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық келісімдердің ережелеріне сәйкес келмейтін болса;
- 9) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;
- 10) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) Мемлекеттік қызмет көрсету үшін

		<p>қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану саласындағы нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>11) мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін келісу туралы сұрау салуға уәкілетті мемлекеттік органның теріс жауабы, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;</p> <p>12) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) бар;</p> <p>13) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімі бар, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылады.</p>
10.	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін өзге де талаптар</p>	<p>1. Мемлекеттік қызметті көрсету мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылған – www.miid.gov.kz.</p> <p>2. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары: 8 (7172) 983-334, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.</p>